

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№41 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Педагогтердің бос лауазымына орналасуға» бойынша конкурстық комиссия отырысының
Хаттамасы
№2

25 тамыз 2023 жыл

Орал қаласы

Қатысқандар: 4

Комиссия төрағасы:

Ж.Жолдасбаева – директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары;

Комиссия мүшелері:

- А.Ж.Утебалиева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

- О.К.Орынғалиев – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

- Л.С.Адиева - география пәні мұғалімі

- Г.К.Атауова- №42 мектеп-гимназиясының оқу әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары

Хатшы:

- Б.М.Мажитова – хатшы.

Күн тәртібінде:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№41 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің комиссия төрағасы мен мүшелерінің конкурста қатысушымен әңгімелесу.

Ж.Жолдасбаева: Қайырлы күн әріптестер. Балл саны тең болған педагог психолог лауазымына үміткерлер Утепова Молдыр Сапиуллиевна және Муханова Сания Амандыковна бүгін әңгімелесуге қатынасып отыр.

Утепова Молдыр Сапиуллиевна өзіңіздің еңбек жолыңыз туралы айтып өтсеңіз?

Тыңдалды: Мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ 2006 жылы аяқтап, сол жылдан бастап еңбек жолымды бастадым, осы жыл аралығында тек 1 жыл жұмыс жасамадым. Жалпы еңбек өтілім 17 жыл.

А.Ж.Утебалиева:

Агрессивті балалармен жұмыстану дегенді қалай түсінесіз, қалай жұмыс жасар едіңіз?

Тыңдалды: Ең алдымен балаға диагностика жасайтын едім, одан соң бақылау арқылы тест өткізіп не үшін агрессивті екенін анықтаймын. Содан соң оқушымен жұмыстанамын.

Л.С.Адиева:

Дарынды балалармен қалай жұмыстанаңыз?

Тыңдалды: Дарынды балаға арналған тест өткізу арқылы баланың қай бағытта екенін анықтап, содан соң сол бағытқа бағдар беремін.

Ж.Жолдасбаева

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет қандай бұйрық негізінде жүзеге асады? (екі үміткер де жауап бере алмады)

Муханова Сания Амандыковна өзіңіз жайлы айтып өтсеңіз?

Тыңдалды: 2019 жылы М.Өтемісов атындағы БҚУ түсіп, биыл яғни 2023 жылы оқу ордасын аяқтап отырған жас маманмын.

А.Ж.Утебалиева: Білім беру ұйымындағы психологиялық қызмет дегенді қалай түсінесің?

Тыңдалды: Жалпы мектептегі психолог маманының қызметі ең алдымен балалармен жұмыс жасау, тренингтер өткізу арқылы балаларды жақынырақ тану.

Л.С.Адиева: Қиын, агрессивті балалармен жұмыс жасау дегеніміз қалай? Өзіңіздің тәжірибеңізде кездестіме?

Тыңдалды: Жалпы тәжірибеде болмады, дегенмен тәжірибеден өткен мектебінде психолог маманы қиын балалармен жұмыстанғанын көргенмін, болашақта өзіме келер болса ондай балалармен жұмыстанған кезде «Әлемде жоқ жануар» әдісі бойынша сурет салдыру арқылы баланың ішкі жан-дүниесіндегі проблеманы, нәліктен ол жағдайда екенін түсініп, ары қарай жұмыстанар едім.

Сойлеушілер: А.Ж.Утебалиева Балл саны тең болған Утепова Молдыр Сапиуллиевна жоғары білімді, жоғарғы оқу орындарында жұмыс жасаған тәжірибелі маман екенін көрсетті. Муханова Сания Амандыковна оқу орнын енді бітірген жас маман.

О.К.Орынғалиев Молдыр Сапиуллиевнаны тәжірибелі маман ретінде өзін көрсетті

Шешімі:


1. Конкурстық комиссияның шешімімен, әңгімелесудің қорытындысы бойынша төмендегі кандидат мектеп-лицей директоры А.М. Даумоваға ұсынылсын

№	Аты-жөні	пәні
1.	Утепова Молдыр Сапиуллиевна	Педагог-психолог

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Хатшы:


Ж.Жолдасбаева
А.Ж.Утебалиева
О.К.Орынғалиев
Л.С. Адиева
Г.К.Атауова
Б.М.Мажитова

№41 мектеп-лицей директоры
А.М.Даумоваға
педагогтерінің бос және (немесе)
уақытша бос лауазымына тағайындау
конкурсын өткізу комиссиясынан







ҰСЫНБА

1.2023 жылдың 25 тамыз күні өткен отырыстың (хаттама №2) шешімі негізінде педагог-психолог -0,5 бірлік (тұрақты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 22.12.2022 №513 бұйрығының 3-тарау, 1-параграф, 127 тармақшасы негізінде төмендегі кандидатты бос лауазымға ұсынамыз:

№	Аты-жөні	пәні
1.	Утепова Молдыр Сапиуллиевна	Педагог-психолог

Комиссия төрағасы:
Комиссия мүшелері:

Хатшы:

 Ж.Жолдасбаева
 А.Ж.Утебалиева
 О.К.Орынғалиев
 Л.С. Адиева
 Г.К.Атауова
 Б.М.Мажитова